


«ҚАЙТАДАН»-ды КӨРГЕНДЕ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



«КОУЧТАР» КӨБЕЙІП КЕТТІ МЕ?

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



КӨК ПЕН ҚЫЗЫЛ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Өзгенің өмірін сақтау үшін өз басын қатерге тігу – нағыз ерлік. Қиындыққа тап болған жандар ең алдымен құтқарушылардан көмек күтеді. Бүгінде азаматтық қорғау саласының қызметкерлері өз міндетін мінсіз атқарып келеді. Олар сын сағатта жанқиярлық көрсетуге дайын тұрады. Тіпті, осы жолда құрбан болған ерлеріміз аз емес.

№123
(4867)
Сенбі
18 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ



Фото gov.kz сайтынан алынды

ҚҰТҚАРУШЫ – ӨЗ ӨМІРІН ҚАТЕРГЕ ТІККЕН МАМАНДЫҚ ИЕСІ. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – АДАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМ ҚАЗЫНАСЫН САҚТАП ЖҮРГЕН БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ. КЕШЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚЫЗМЕТТІК БОРЫШЫН АТҚАРУДА ЕРЛІГІ МЕН ЖАНҚИЯРЛЫҚ КӨРСЕТКЕН БІР ТОП ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАДЫ.

2

САҒАТЫНА ЕМЕС, МИНУТЫНА ТӨЛЕЙДІ

Жүргізушілер көлікті ақылы тұраққа қойғаны үшін сағатына емес, минутына төлейді. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек депутаттық сауалға берген жауабында айтты.

Қала басшысының айтуынша, бұл өзгеріс төлем жасаушылар үшін тиімді болмақ. Себебі бұған дейін олар бес минут автотұрақта тұрса да, сағатына төлеуге міндетті болды. Енді тұрақтаған минуттарына ғана төлем жасайды. Сонымен қатар қалада шлагбаумдары бар ақылы автотұрақтарға көлік нөмірлерін танитын фото және бейнетіркеу жүйесі енгізіледі.

«Бүгінгі күнге дейін Астана қаласы аумағындағы коммуналдық ақылы автотұрақтарды (паркингтерді) пайдалану ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы әзірленген. Аталған ережелерде минуттық төлем қарастырылған және ұсынылған өзгерістер «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС-мен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шартын бұзу рәсімі аяқталғаннан кейін енгізілетін болады. Стационарлы фото-видеофиксация жүйесін енгізу мәселесіне қатысты аталмыш жүйені енгізу инфрақұрылымы мүмкіндік беретін белгілі бір ашық автотұрақтарда жоспарлануда, – делінген елорда әкімінің депутаттық сауалға берген жауабында.

18-19 ҚАЗАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Елордада Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылық жәрмеңкесі «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тас жолы, 1 сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін) өтеді.



№123 (4867) 18/10/2025 Сенбі



ӨЗ БАСЫН ҚАТЕРГЕ ТІГУ – НАҒЫЗ ЕРЛІК

Президент құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Мемлекет басшысы бейбіт күннің батырларына шынайы ризашылығын білдіріп, азаматтық қорғау саласының еліміз үшін стратегиялық маңызы ерекше екенін атап өтті. «Конституциямыздың алғашқы бабында «Адам және адамның өмірі – мемлекеттің ең қымбат қазынасы» екені анық көрсетілген.

Азаматтық қорғау саласының әр қызметкері ел қауіпсіздігі және азаматтарымыздың амандығы үшін қажырлы еңбек етуде. Шын мәнінде, құтқарушы болу – кез келген төтенше жағдайға дайын тұру, ешқандай қауіп-қатерге қарамастан адам өміріне араша түсу деген сөз. Бұл – әрине, өте абыройлы іс, жауапты қызмет. Халқымыз өздеріңіз сияқты батыл, ержүрек және ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтарды әрдайым мақтан тұтады. Сіздердің адал қызметтеріңіз – өскелең ұрпақ үшін өте жақсы үлгі-өнеге» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент соңғы жылдары еліміз бастан өткерген табиғи апаттардың ең ауыр салмағы құтқарушыларға түскенін айтты. «Былтыр алапат су тасқыны кезінде сіздер жұртты қауіпсіз жерге көшіріп, апаттан аман алып қалдыңыздар. Қостанайда, Семейде және басқа да аймақтарда болған орман өртіне қарсы тұрып, тілсіз жаумен күрестіңіздер. Төтенше жағдай болған аймақтарға өзім де арнайы бардым. Ерлікке бергісіз нағыз еңбекті өз көзіммен көрдім. Сондықтан азаматтық қорғау саласы мамандарының кәсіби шеберлігі және табанды еңбегінің арқасында біз бір ел болып барлық қиындықты еңсердік деп толық сеніммен айтуға болады. Жалпы, құтқарушыларымыз соңғы 5 жылда 225 мыңға жуық адамның өмірін сақтап қалды» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет азаматтық қорғау саласын күшейте түсуге баса мән беретінін айтты. «Осыдан бес жыл бұрын Төтенше жағдайлар министрлігі қайта құрылды, ал осы салаға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы екі жарым есе көбейді. Бір сөзбен, нақты және тиімді іс-шаралар қабылдана бастады. Атап айтқанда, 1700-ден астам арнайы техника алынды. 42 өрт сөндіру депосы және құтқару станциясы салынды. Аудандық төтенше жағдай бөлімшелері заман талабына сай жаңғыртыла бастады. Құтқарушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жұмысы да басты назарда. Соңғы екі жыл ішінде сала мамандарының еңбекақысы 77 пайызға өсті, енді оларға арнайы үстемеақы төленетін болды. Сондай-ақ тұрғын үй төлемдері мен әлеуметтік жеңілдіктер беріле бастады. Жалпы, бұл жұмыс міндетті түрде өз жалғасын табады. Осындай іс-шаралардың арқасында азаматтық қорғау саласының кадрлық әлеуеті артып келеді» деді Президент.

Президенттің пікірінше, Үкімет пен салалық министрлік төтенше жағдайларды уақтылы ескертудің және салдарын жоюдың тиімді жолдарын қарастыруға баса мән берген жөн. «Орталықтағы және жергілікті құтқару қызметтерінің іс-қимылы – біртұтас, нақты жүйеленген механизм. Басқару үдерісін автоматтандыруға, цифрландыруға, өзге де заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге күш салу маңызды. Сонымен бірге министрлік қазірдің өзінде «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында өнеркәсіп нысандарындағы қауіпсіздікті күшейтіп, өртке қарсы талаптар мен құрылыс нормаларын қатаңдату шараларын қабылдап жатыр. Азаматтарға, ең алдымен, балалар мен жастарға өрт, су тасқыны, жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерін мұқият, түсінікті тілмен жеткізу қажет. Олар апат кезінде қалай әрекет ететінін білуге тиіс. Сонымен қатар күнделікті өмірде, тыныш уақытта қауіпсіздік іс-шараларын ұдайы есте сақтағаны жөн» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, спорт және дене шынықтыруға қолдау көрсетуді құрметті қоғамдық миссия және үлкен азаматтық жауапкершілік ретінде қарастырған жөн. «Кәсіпкерлердің бастамаларын ынталандыру – мемлекеттік саясатымыздың негізгі басымдығы. Мен бұған ерекше мән беремін. Өткен аптада экономикалық ахуалға қатысты арнайы жиын өткіздім. Онда еліміздегі бизнесті дамыту мәселелері қарастырылды. Кеше Премьер-министрге берген тапсырмамда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қажеттігіне тағы да баса назар аудардым. Қазір бірқатар спорт федерациясына бизнесмендердің, меценаттардың жаңа буыны келе бастады. Оларға спортты дамыту саласындағы жағдайды жақсарту міндеті жүктелді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент ТЖМ қызметкерлері, құтқарушылар әрқашан және әркезде ел қамын ойлап, азаматтардың қауіпсіздігін күзететінін атап өтті. Сондай-ақ азаматтық қорғау жүйесін жаңғыртудың кешенді жұмыстары жалғасып, құтқарушыларға жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді. Қазіргі жұмыс қарқынын төмендетуге болмайды. Өйткені азаматтардың өмірі мен тұрмысы осыған тікелей байланысты. «Өзгенің өмірін сақтау үшін өз басын қатерге тігу – нағыз ерлік. Қиындыққа тап болған жандар ең алдымен құтқарушылардан көмек күтеді. Бүгінде азаматтық қорғау саласының қызметкерлері өз міндетін мінсіз атқарып келеді. Олар сын сағатта жанқиярлық көрсетуге дайын тұрады. Тіпті, осы жолда құрбан болған ерлеріміз аз емес. Өткен отыз жылда 72 құтқарушы ерлікпен қаза тапты. Біз батырларымыздың есімін ешқашан ұмытпаймыз. Олар отаншыл және антқа адал болудың тамаша үлгісін көрсетті. Сондықтан өмірін құтқару ісіне арнаған ерлердің есімдерін тарихымызда мәңгі сақтау үшін тиісті іс-әрекеттерді дер кезінде қолдануымыз керек. Нағыз ерлік жасаған батыл азаматтарымыздың рухына тағзым ете отырып, олардың есімдерін ел ішінде ұлықтай беруіміз қажет» деді Мемлекет басшысы. Салтанатты жиын соңында Президент қызметтік борышын атқару барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар тапсырды.

ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 20-21 қазан күндері Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді. Сапар барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізіледі. Сонымен қатар президенттер Жоғары мемлекетаралық кеңеске және Қазақстан – Әзербайжан бизнес форумына қатысады.

ҮКІМЕТ ШҰҒЫЛ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАДЫ

Президент тапсырмасы бойынша Үкімет макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және экономикалық реформалардың теріс салдарын барынша азайту бағытында іс-шаралар қабылдауда. Премьер-министр Үкімет мүшелерінің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысының азаматтар мүддесі үшін экономикалық реформалар бағдарламасын жүзеге асыруды ретке келтіру жөніндегі тапсырмаларын орындау мәселелері бойынша кеңес өткізді.



Жиын қорытындысы бойынша мынадай шешімдер қабылданды. Біріншіден, биылғы 16 қазаннан бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі. Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

Екіншіден, биылғы 16 қазаннан бастап барлық тұтынушылар тобы үшін коммуналдық қызметтер тарифтерін көтеру 2026 жылдың I тоқсанының соңына дейін тоқтатылады. Тарифтердің өсуін тежеу табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық шығыстарын оңтайландыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесі нысандарында жоспарланған барлық жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін тұрғын үй көмегін көрсету тетігі қолданылады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру көлемін екі есе ұлғайту арқылы тұрақтандыру қорларының жұмысына қосымша серпін беріледі, бұл өз кезегінде ӘМАТ санатына жататын өнімдер бағасының төмендеуіне әкеледі. Делдалдық схемаларды және сауда үстемелерін асыра қосу фактілерін анықтау жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысын күшейтуге ерекше назар аударылады.

Үшіншіден, жаңа Салық кодексінің шағын және орта бизнес қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануға салынатын басы артық шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылданды. Тыйым салынған тізімде, қолданыстағы заңнамадағыдай, тек 44 қызмет түрі сақталады. Одан бөлек, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық әкімшілендіру «таза парақтан» жүргізіледі, бұл микро және шағын бизнеске қатысты мынадай жайттарды көздейді:

- салықтық тексерулер алынып тасталады;
- камералдық бақылау алынып тасталады;
- сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады;
- сот органдарына тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беру тоқтатылады.

Салықтар мен төлемдер бойынша салынған өсімпұлдар мен айыппұлдар 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарыз өтелген жағдайда жойылады. ҚҚС бойынша есепке қою шегінен асқан салық төлеушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ салық төлеушілер үшін салық және әділет органдарында камералдық және салықтық тексерулер жүргізбей-ақ, оңайлатылған тәртіппен есептен шығару науқаны өткізіледі. Бұл жаңа Салық кодексін кезең-кезеңімен енгізуге және салық төлеушілер үшін салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, базалық мөлшерлеменің көтерілуіне байланысты екінші деңгейлі банктер тарапынан ипотекалық бағдарламалар бойынша ұсыныстардың қысқаруы аясында тұрғын үй-құрылыс жинақ жүйесін қолдау туралы шешім қабылданды. Соған сәйкес, халық үшін арзандатылған ипотекалық несие көлемі екі есе ұлғаяды, бұл тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл шешім қолданыстағы «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» бағдарламалары арқылы несиелеу көлемін 500 млрд теңгеге дейін ұлғайту жолымен жүзеге асырылады. Сонымен қатар сұранысқа ие «Әскери баспана» бағдарламасы қайта іске қосылады, ол жыл сайын кемінде жеті мың әскери қызметшінің отбасына жаңа үйден бөлек, қайталама нарықтан да пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Құрылыс компанияларымен осы бағдарламалар шеңберінде салынатын тұрғын үй құрылысы бойынша офтейк-келісімшарттар жасалады. Бұл ретте құрылыс салушылар үш жылға бағаны бекіту бойынша қарсы міндеттемелер қабылдайды.

Бесінші. Отандық автоөндірушілер мен екінші деңгейлі банктер халықтың жеңіл автокөлік сатып алуын қаржыландыру бағдарламаларын одан әрі жалғастырады. Жеке тұлғаларға жеңіл автокөлік сатып алу бойынша лизинг тетігі енгізіледі. Бұл азаматтардың автокөлік сатып алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Одан бөлек, «Бәйтерек» холдингіне қысқа мерзімде шағын және орта бизнесті қолдаудың қосымша шаралары бойынша ұсыныстар беру тапсырылды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкімет жүргізіп отырған реформалар еліміздің ұзақмерзімді тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуге, экономикада базалық нарықтық қағидаттарды терең орнықтыруға бағытталғанын атап өтті. Бұл ретте Үкімет Мемлекет басшысының әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру қажеттігі туралы нұсқауларын, экономикалық дамудың негізгі көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, қатаң ұстанады.

ТУРИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қалалық мәслихаттың депутаттары Astana Tourism туризмді дамыту орталығында көшпелі отырыс өткізіп, елордаға туристерді көбірек тарту жолдарын талқылады.



– Қаланың туристік келешегі туралы ашық әңгіме барысында біз туристік инфрақұрылымның қалай қалыптасып жатқанын, қызметтердің цифрландырылуы не үшін қала қонақтары мен тұрғындарының жайлылығын арттырудың басты кілті болып отырғанын және Астана туристерге қандай жаңа бағыттар ұсынатынын білдік. Халықаралық аренада қаланың тартымды имиджі қалай қалыптасатынына да ерекше көңіл бөлдік. Өйткені қазіргі туризм – бұл жай ғана экскурсия емес, қонақжайлық пен инновация философиясы, – деді қалалық мәслихаттың депутаты, әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Асқар Смағұлов.

Бүгінде Астана ішкі және сыртқы туризм орталығы ретінде өз орнын нық айқындап келеді. Алда жаңа жобалар, серіктестіктер мен тың идеялар күтіп тұр.

Туризм мәселелері талқыланған кездесуді қорытындылай келе, іс-шараға қатысушылар Astana Tourism командасының жоғары деңгейдегі жұмысын атап өтті. Бұл бағытта олар бірлесе жұмыс істеуге дайын екендерін жеткізді.

СЫРБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Астана қаласындағы Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінде «Сырбай Мәуленов: ақындық мұрат, сарбаздық рух, азаматтық болмыс» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шапағат ӘБДІР

Іс-шараны мектеп ұжымы мен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы бірлесе ұйымдастырды.

Конференцияға жоғары оқу орындарының ғалымдары, мектеп және колледж мұғалімдері, әдіскерлер, ақынның көзін көрген замандастары мен ұрпақтары, сондай-ақ шығармашылығын зерттеушілер қатысты.

Салтанатты шараның басты мақсаты – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы Сырбай Мәуленовтің әдеби мұрасын талдау арқылы оның азаматтық, жауынгерлік және шығармашылық болмысын жаңжақты ашу, жастарға патриоттық тәрбие беру және ақын мұрасын ғылыми тұрғыда насихаттау.

Іс-шара ең алдымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған экскурсиямен басталды. Қатысушылар мектеп қабырғасындағы «Сырлы Сырбай кеңістігі» аймағының ашылуына куә болды. Бұл бұрышта ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды деректер, фотосуреттер мен қолжазбалар қойылған.

Мұнан соң көрермендерге ақынның өмір жолынан сыр шертетін «Жарқын бейне» атты деректі фильм ұсынылды. Келесі бөлімде оқушылардың орындауында «Мені ақын еткен жылдар» атты әдеби-пролог қойылымы көрермен көңілінен шықты.

Конференция барысында қатысушылар Сырбай Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына арналған естеліктерімен бөлісіп, оның поэзиясына әдеби және ғылыми талдау жасады. Ақын шығармаларының тәрбиелік мәні мен азаматтық үнін ашуға бағытталған баяндамалар тыңдалды.

Шара соңында конференцияның белсенді қатысушылары Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сырбай Мәуленов атындағы қордың Құрмет грамотасымен марапатталды.

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Кеше «Қазпошта» мекемесінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Баспасөзге жазылушылар күні» іс-шарасы өтті.



Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен оқырмандар бас қосқан іс-шараны «Астана поштамты» филиалының директоры Қайсар Шалабаев құттықтау сөзбен ашып, редакция және пошта қызметкерлеріне, сондай-ақ баспасөз жазушылар күніне орай шақырылған қонақтарға алғысын жеткізді. «Өткен жылы «Астана поштамты» арқылы шамамен 30 мың адам газет-журналдарға жазылды. Біздің мекеме алдағы уақытта да баспасөз бен оқырман арасында дәнекер болып, қызметін жалғастыра береді» деп атап өтті.

Іс-шара барысында «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Литер», «Түркістан» және басқа да газет-журнал басшылары пошта қызметкерлері мен оқырмандарға алғыс білдіріп, бірқатар пошта қызметкерлеріне сый-сияпат берді.

«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі атынан пошта қызметінің ардагері Светлана Пищенко мен Айдана Ахметоваға алғыс хат пен сыйлық тапсырылды. Сондай-ақ іс-шара барысында газет-журналдарға жазылған алғашқы он адамға «Қазпошта» мекемесі атынан да сыйлықтар берілді.

Сонымен, 2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. Биыл 35 жылдығын атап өтіп отырған «Астана ақшамы» газетіне жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы 6 айға 6 062 теңге, 12 айға 12 125 теңге болып бекітілді.

Республика күніне орай елордадағы «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында мерекелік концерт өтті.

ҚАРИЯЛАРҒА ҚОШЕМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Салтанатты іс-шара қарттар мен ардагерлерге жылы лебіз білдіріп, мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұсынысы бойынша ұйымдастырылды.

«Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, запастағы полковник Жанарбек Мәдединов жиналғандарды Республика күнімен құттықтады.

Концертте көрерменге ҚР ҰҚК Шекара қызметі Әскери-патриоттық қызмет басқармасы ансамблінің музыкалық сүйемелдеуімен «Тәуелсіздік байлығым», «Елім-ай», «Қазақстаным», «Музыка нас связала», «Синяя вечность», «Мы эхо» сияқты патриоттық әндер мен халық әндері, қазақ және шетел композиторларының әйгілі шығармалары ұсынылды.

Шекарашылар қарияларға тәттілер мен жеміс-жидек және ыстық шай ұсынды.

Өздеріне көрсетілген ерекше сый-құрметке дән риза болған қариялар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.



САРЫАРҚА АУДАНЫНДА ГАЗ БЕРІЛДІ

Кеше Астана қаласының Сарыарқа ауданында бұрын газ тартылмаған нысандарға газдандыру жобасы аясында табиғи газды іске қосу рәсімі өтті.

Іс-шараға аудан әкімі Жанасыл Шәукентаев, «QazaqGaz Aimaq» АҚ өкілдері, мердігер ұйымдар және жаңа қосылған үйлердің тұрғындары қатысты.

Жоба аясында 84 жеке тұрғын үй табиғи газға қосылды. Барлығы 3,13 шақырым газ желісі тартылып, екі шкафтық газ реттеу пункті (ШГРП) орнатылды. Жобаның жалпы инвестиция көлемі 95 миллион теңгені құрайды.

«Жұмыс барысында өзге инженерлік желілермен қиылыстар мен қызыл сызықтар бойынша шектеулер сияқты техникалық қиындықтар кездесті. Кей жерлерде газ құбырын жер үстімен жүргізу мүмкін болмағандықтан, біз оны жер астымен тарттық. Бүгінде барлық жұмыстар толық аяқталды. Қазір Сарыарқа ауданында есепке алынбаған немесе қосылмаған үйлер жоқ» деді «QazaqGaz Aimaq» АҚ Астана өндірістік филиалының бас инженері Ержан Балабеков.

Сондай-ақ компания мамандары Көктал, Көктал-3 және Көктал-2 тұрғын алаптарында үш жаңа айналма газ желісін жүргізген. Бұл жүйе жоспарлы немесе апаттық жағдайда тұтынушыларды уақытша ажырату санын біршама азайтады, сондай-ақ жаз мезгілінде де газ қысымының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.



№123 (4867) 18/10/2025 Сенбі

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСЫМДЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы жаңа кезеңнің бағытын айқындап, алдымызға тың міндеттер қойды. Бұл құжат тек болашаққа бағдар ғана емес, сонымен бірге цифрлық технологияның көмегімен нақты нәтижеге қол жеткізуге шақырған үндеу сынды естілді. Осы мәселеге қатысты Парламент Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі Еділ Мамытбековтің пікірін білдік.



– Жолдаудың негізгі мәнін түсіну үшін, оның эволюциясын білу маңызды деп білемін. Жалпы, Президент Жолдауларын қалай талдайсыз, негізгі идеясы неде?

– Дұрыс айтасыз, құжаттың мазмұнын терең түсіну үшін, алдымен елдің саяси-экономикалық трансформациясының кезеңдерін білуіміз керек.

2019-2021 жылдары билік транзитінен кейінгі тұрақтандыруға және «Құлақ асушы» тұжырымдамасын орнықтыруға басымдық берілді. Бұл кезең халықтың сенімін арттыру мен билік пен қоғам арасындағы диалогты нығайтуға бағытталғанын көруге болады.

2022 жылы «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру идеясы күн тәртібіне шықты. Оның мәні – ескі институттарды жаңарту, саяси жүйені әділдік пен ашықтыққа бейімдеу, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болды.

2023-2024 жылдары назар реформаларды тереңдетуге және институционалдық өзгерістерге ауды. Парламент пен сот жүйесін жетілдіру, билік тармағының теңгерімін күшейту және экономиканы әртараптандыруға басымдық берілді.

2025 жылғы Жолдау – жаңа кезеңнің бетбұрысы. Мұнда цифрлық трансформация мен жасанды интеллект экономиканың жаңа драйвері әрі ел дамуының негізгі идеологиялық тірегіне айналды. Бұған дейін Мемлекет басшысы цифрландыру мен IT-ға ішінара тоқталып келсе, бұл жолы «қызыл сызықты» нақты сызып, заманауи технологияны мемлекеттік басқаруды қайта құрудың басты құралы ретінде белгілеп берді.

Ал Жолдаудың негізгі идеясы – «халықты тыңдау» тәсілінен «технология арқылы халықты болашаққа бағыттау» стратегиясына көшу болып табылады.

Бұл – Қазақстанды әлемдік трендтерден қалып қоймауға, жаңа индустриялық-цифрлық өркениеттің белсенді қатысушысына айналдыруға бағытталған қадам.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында елдің дамуын тежейтін түйткілдерге де тоқталды. Солай емес пе?

– Президент Қазақстанның ілгерілеуіне кедергі келтіріп отырған бірқатар негізгі түйткілді атап өтті.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы экономиканы әртараптандыру шаралары жүргізілгенімен, шикізатқа тәуелділік әлі де жойылған жоқ. Оның басты себебі – инвестицияның басым бөлігі шикізат секторына бағытталуы. Соның салдарынан өңдеу өнеркәсібінің ЖІӨ-дегі үлесі небәрі 12,4 пайыз деңгейінде қалып отыр. Салыстырмалы түрде айтсақ, Ресейде бұл көрсеткіш – 15 пайыз, Беларусьте – 20 пайыз. Ал Еуропаның орта деңгейлі елдері – Болгарияда – 21,3, Чехияда – 26,4, Ирландияда 32,7 пайызға жеткен.

Инфрақұрылымдағы өзекті түйткілдің бірі – контейнерлік тасымалдың төмендігі. Қазақстанда оның үлесі бар болғаны 7 пайызға тең, ал әлемдік орташа көрсеткіш – 16 пайыз. Демек, біз бұл салада екі есеге жуық артта қалып отырмыз. Контейнерлік тасымал – заманауи логистиканың негізгі артериясы. Бұл сала жүк жеткізуді арзандатып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Алайда бұл бағыттың дамымауы еліміздің транзиттік әлеуетін толық пайдалануына бөгет болып, сыртқы саудадағы бәсекеге қабілеттілікті төмендетуде. Ал Қытай, АҚШ, Сингапур, Оңтүстік Корея, Малайзия, Жапония, Вьетнам, БАӘ, Үндістан және Испания сияқты елдер осы салада айтарлықтай алға шыққан.

Инфрақұрылымдағы өзекті түйткілдің бірі – контейнерлік тасымалдың төмендігі. Қазақстанда оның үлесі бар болғаны 7 пайызға тең, ал әлемдік орташа көрсеткіш – 16 пайыз. Демек, біз бұл салада екі есеге жуық артта қалып отырмыз. Контейнерлік тасымал – заманауи логистиканың негізгі артериясы

Қаржы саласында да шешімін күткен мәселе көп. Соның ең бастысы – жоғары инфляция. Соңғы жылдары инфляция халықтың нақты табысын құнсыздандырып, экономикалық өсімнің тиімділігін әлсіретті. Ресми статистика бойынша инфляция 6-10 пайыз аралығында ауытқып тұрса да, оның пайдасы халық тұрмысынан айқын сезілмей келеді.

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, дамыған елдер инфляцияны халық табысын сақтайтын деңгейде ұстап тұруға баса мән береді. Мәселен, Еуропалық Одақ елдері инфляцияны тежеудің түрлі қаржылық тетігін сәтті қолданады. 2025 жылдың тамыз айындағы мәлімет бойынша, Ұлыбританияда инфляция – 2,10 пайыз, Данияда – 2,00, Бельгияда – 1,91, Италияда – 1,60, ал Швецияда 1,10 пайыз деңгейінде болды. АҚШ-та да Федералдық резерв жүйесі осы төменгі межені сақтау үшін қатаң ақша-несие саясатын жүргізеді. Жапония мен Оңтүстік Кореяда инфляция негізінен 2-4 пайыз аралығында тұрақтап келеді.

Әлеуметтік саладағы ахуал да оңай емес. Ішкі көші-қон реттелмей, мегаполистерге бақылаусыз ағылған халық қала инфрақұрылымына зор салмақ түсіріп отыр. Әлеуметтік жеңілдіктердің көптігі кей жағдайда тәуелділік пен алаяқтықты күшейтсе, интернеттегі қылмыс пен кибералаяқтық күнделікті қауіпке айналды. Жоғары оқу орындарының түлектері өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүргенде, бос орындарды шетелдік мамандар иеленуде.

– Бұл түйткілдердің түпкі себебі – мемлекеттік басқару сапасының әлсіреуі емес пе?

– Шынында, біз нақты іске қарағанда, қағаздағы есепке көп жүгінетін болып кеттік. Қоғамда «бәрі сөз жүзінде ғана қалады» деген пікір қалыптасқан. Бұған себеп те жоқ емес. Көп жағдайда бұйрықтың орындалуын бақылау жеткіліксіз, қабылданған шешімнің көбі формальды сипатта қалады. Сондықтан жаңа кезеңде басқарушылық мәдениетті түбегейлі өзгерту – уақыт талабы.

– Жолдауды орындау жолдары қандай?

– Мақсатқа жету үшін жүйелі әрі нақты қадамдар қажет.

Біріншіден, сапалы нәтижеге басымдық беру. Қағаз жүзіндегі көрсеткіштер емес, халықтың күнделікті өмірінде сезілетін нақты өзгерістер басты өлшемге айналуы тиіс. Мәселен, инфрақұрылым саласында жаңа жолдың ұзындығы емес, оның сапасы мен қолжетімділігі, денсаулық сақтау жүйесінде емхана санымен бірге, көрсетілетін қызметтің сапасы маңызды.

Екіншіден, аймақтық ерекшеліктерді ескеру. Әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы әркелкі. Сол себепті министрліктер мен әкімдіктер нақты мақсаты мен мерзімі көрсетілген дербес «жол картасын» әзірлеуі қажет. Бұл орталық пен өңір арасындағы алшақтықты азайтып, мемлекеттік саясаттың жергілікті жерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, икемді бақылау мен тәуекелді басқару. Жағдай өзгерген сайын шешімдерді жедел түзетуге мүмкіндік беретін мониторинг жүйесі орнатылуы қажет. Әсіресе микроэлектроника кластерлерін құру, қазақ тіліндегі бағдарламалық қамтылым әзірлеу, киберқауіпсіздікті күшейту секілді салалар көп уақыт пен инвестицияны қажет етеді. Мұнда ресурстарды шашыратпай, басым бағыттарға шоғырландыру тиімді.

Төртіншіден, адами капиталды дамыту. Жоғары білікті кадр тапшылығы – басты қауіптің бірі. Технологиялық серпіліс «кадр қабырғасына соғылмас» үшін ғылым мен өндірісті ұштастыратын білім беру жүйесі қажет. ЖОО-лар мен колледждер еңбек нарығының нақты сұранысына сәйкес мамандар даярлап, шетелде білім алған жас мамандарды елге тартудың тетігін күшейту керек.

Бесіншіден, қоғаммен тұрақты байланыс орнату. Реформалардың табысты болуы халықтың сеніміне тікелей байланысты. Сондықтан цифрландырудың пайдасын қарапайым тілде түсіндіру, жетістік тарихтарын жария ету, онлайн кездесулер өткізу маңызды. Мектеп пен университеттерде ұлттық мақсаттарға бағытталған курстар енгізу арқылы жастарды ортақ мүддеге жұмылдыруға болады.

– Алайда тәуекелдер де бар ғой. Мұны мойындауымыз керек.

– Микроэлектроника кластерлерін құру, қазақ тіліндегі бағдарламалық қамтылым әзірлеу, киберқауіпсіздікті күшейту – орасан инвестиция мен уақытты қажет етеді. Ресурстарды шашыратпай, тиімді бағытқа шоғырландыру маңызды.

Кадр тапшылығы да өзекті. Жоғары білікті мамандарды даярлау мен тарту – табыстың негізгі факторы. Әйтпесе «технологиялық серпіліс кадр қабырғасына соғылуы мүмкін».

Халықпен жұмыс та шешуші мәнге ие. Цифрландыру пайдасын қарапайым тілде түсіндіру, жетістік тарихтарын жария ету, онлайн кездесулер ұйымдастыру, мектеп пен ЖОО-ларда ұлттық мақсаттарға бағытталған курстар енгізу қажет.

– Енді стратегиялық құжаттың негізгі басымдықтарын нақтылай аласыз ба?

– Әрине. Стратегиялық құжаттағы басты бағыттарды түсіну үшін, олардың қоғам мен экономикалық жүйеге тікелей әсерін қарастыру қажет.

Біріншіден, бір палаталы парламентке көшу ұсынылған. Бұл қоғамда қызу талқыланып жатыр. Жақтаушылар заң шығару үдерісінің жеделдеуін айтса, қарсы тарап заң сапасының төмендеуінен және аймақ мүддесінің ескерілмеуінен қауіптенеді. Дегенмен, Қазақстан үшін Сенат тек саяси институт емес, өңір мүддесін қорғап, ұлттық келісімді сақтайтын конституциялық тетік болып саналады. Сол себепті, қазіргі жағдайда басты басымдық – экономиканы тұрақтандыру, ал саяси құрылымға қатысты шешімдер кеңінен талқылауды қажет етеді.

Екіншіден, жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру көзделген. Мұнда маңызды жайт – AI тек технологиялық құрал емес, экономиканың барлық саласын үдететін стратегиялық фактор болып табылады. Сондықтан жаңа министрлік құру қисынды, бірақ ол барлық процесті өз қолына шоғырландыратын емес, үйлестіруші және стандарттар әзірлеуші орган ретінде қызмет етуі тиіс. Сонымен қатар, цифрландыру қысқа мерзімде жүзеге аспайды: Эстонияға – 20 жыл, Сингапурға 10 жыл қажет болған. Қазақстан да кезең-кезеңімен, дайын секторлардан бастап ілгерілеуі қажет. Әйтпесе, «серпіліс» тек ұранға айналады.

Үшіншіден, комитеттің атауын өзгерту жоспарланған. Заңсыз активтерді қайтару комитетінің орнына Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылмақ. Бұл – жазалаушы саясаттан инвестициялық тартымдылыққа бет бұратын прагматикалық қадам. Соңғы жылдары 850 млрд теңге қайтарылды, ал қосымша 1,2 трлн теңге қарастырылуда. Алайда бастысы – қаражаттың сот ісінде қатып қалмай, ел экономикасына қайта айналымға түсуі.

Төртіншіден, әлеуметтік тәуелділікті азайту мәселесі бар. Жеңілдіктерді қысқарту қоғамда пікір туғызды. Бірақ бұл қадам жаңа жұмыс орындары, қолжетімді медицина мен білім, лайықты жалақы секілді нақты нәтижелермен қатар жүзеге асуы тиіс. Кедейшілік деңгейі ресми түрде 8 пайыз болса да, кей өңірлерде ол 15-20 пайызға жетіп отыр. Сондықтан реформалар тек сөз жүзінде емес, нақты әлеуметтік нәтижелерге бағытталуы маңызды.

Бесінші, мемлекеттік басқарудың сапасы басты рөл атқарады. Барлық реформа мен бастаманың табысы басқарушылық мәдениетке тікелей байланысты. Қазіргі уақытта шешімдер көбінесе формальды сипатта қалып, орындалуы жеткілікті қадағаланбайды. Осыған байланысты жаңа кезеңде басқару жүйесін ашықтыққа, есеп берушілікке және нақты нәтижеге бағдарлау – ең басты талап болып отыр.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»: БІРЛЕСЕ АТҚАРАТЫН ЖОБА

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда жариялаған «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Amanat партиясы арасында өзара Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Аталған құжат мемлекеттік қызметшілер арасында оқу мәдениетін дамытуға, олардың жеке және кәсіби әлеуетін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайтуға бағытталған.

Жобаның негізгі миссиясы – Қазақстанды әлемдегі ең көп оқитын он елдің қатарына қосу.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында халық арасында тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған пилоттық жоба іске қосылды. Ол жоба Қарағанды, Қостанай облыстарында және Шымкент қаласында жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні жобаға 189 мыңнан астам қатысушы тіркелді. Олардың қатарында оқушылар, студенттер, педагогтар, мемлекеттік қызметшілер мен әулеттік қатысушылар бар.

Қатысушылар қазақ және орыс тілдеріндегі жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай бейімделген 15 кітаптан тұратын тізімдегі шығармаларды оқу және талқылау бойынша сайысқа түсуде. Бағдарламаға «Қазақ әдебиетінің 100 танымал кітабы» ұлттық рейтингіне енген туындылар мен әлемдік бестселлерлер енгізілді.

Қол қойылған Меморандумға сәйкес тараптар жыл сайын «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» байқауын және мемлекеттік қызметшілер арасында оқуды насихаттауға бағытталған бірлескен ағартушылық іс-шараларды өткізуге уағдаласты.

Қанатқақты кезеңнің оң нәтижелерін ескере отырып, 2026 жылы жоба елдің барлық 20 өңірінде кеңейтіле жүзеге асырылмақ.

Бастамаға Қазақстанның 1 миллионнан астам азаматы қатысады деп болжануда.

«Кітап оқитын ұлт» бастамасы қоғамның зияткерлік әлеуетін дамытуға, қоғамдық сенімді арттыруға және Қазақстанның оң имиджін нығайтуға бағытталған.

ЖИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУДЕ?

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің ұйымдастыруымен, Қазақстанның бас редакторлар клубының қолдауымен «Жасанды интеллект дәуіріндегі журналистика мен медиакоммуникация парадигмалары: теориялық және практикалық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.


Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Ауқымды жиынға отандық және шетелдік жетекші сарапшылар, журналистер мен ғалымдар қатысып, қазіргі медиасфераның даму бағыттары мен жасанды интеллект (ЖИ) ықпалына байланысты өзекті мәселелер талқыланды. Форум барысында технологиялық жаңашылдықтардың журналистикаға әсері, этикалық жауапкершілік, құқықтық реттеу және қоғамдық бақылау тақырыптары кеңінен сөз болды. Іс-шараның модераторы – ЕҰУ журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Нұржан Қуантаев. Ал ЕҰУ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ардақ Бейсенбай өз сөзінде ЖИ технологияларын медиасалада жауапкершілікпен пайдалану қажеттігін ерекше атап өтті.

Форумның құрметті қонағы – Қытайдың Сиань Цзяотун университеті журналистика және жаңа медиа институтының директоры Ву Фэн. Өз баяндамасында университеттің медиа және жасанды интеллект саласындағы ғылыми ізденістерін таныстырып, болашақ журналист мамандардың техникалық сауаттылығы мен кәсіби этикасын қатар дамыту қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ Сиань Цзяотун университеті мен ЕҰУ арасында цифрлық медиа және ЖИ бағытында ынтымақтастық орнатуға дайын екенін жеткізді.

ЕҰУ цифрландыру жөніндегі проректоры Гүлмира Бекманова өз кезегінде университетте жүзеге асып жатқан AI-Sana бағдарламасы туралы айтып, білім беру үдерісінде ЖИ технологияларын интеграциялау тәжірибесімен бөлісті.

Форум аясында еліміздің белгілі медиа және қоғам қайраткерлері – Сауытбек Абдрахманов, Бибігүл Жексенбай, Қамбар Ахметов, Дәулетхан Жиенқұлов, Еркін Мұхамеджанов, Еркін Қыдыр және басқа да сарапшылар сөз сөйлеп, журналистиканың жаңа кезеңдегі орны мен жауапкершілігіне қатысты пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар конференция барысында Қытайдың ең беделді жоғары оқу орындарының бірі Сиань Цзяотун университеті мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа сәйкес, екі



университет заманауи медиа үрдістер бойынша бірлескен ғылыми жобалар жүргізіп, онлайн-дәрістер ұйымдастыруды және студенттермен алмасуды жоспарлап отыр.

НЕ КӨРІП ЖҮРСІЗ?

«QAITADAN»: ҚАЙТАЛАНУЛАРДАН САҚТАНДЫРА МА?

Жақында ғана ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен жарық көрген жас режиссер Думан Еркінбектің алғашқы толықметражды туындысы – «Qaitadan» фильмі қазақстандық прокатта сенсация тудырды. Үш апта ішінде көркем фильм 1 миллиард теңгеден астам табыс жинап, отандық кинопрокатта көш бастады. Бұл – қазақстандық кино өндірісі тарихындағы соңғы жылдары айрықша көрсеткіш.



Осылайша, Мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты бес есе артығымен ақтаған бұл фильм көрерменнің ықыласына бөленіп қана қоймай, ұлттық киноның жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын дәлелдеді.

Көрермендер мен сыншылар «Qaitadan»-ды ерекше визуалды қуаты, эмоциялық әсері және әлеуметтік астары терең мазмұнымен бағалап отыр. Кинодағы әр диалог бүгінгі қоғамға ой салады, әр көрініс көрерменнің жүрегінен орын алады. Фильмде отбасы құндылығы, жауапкершілік, бауырмалдық пен бірлік идеясы ұштасып, көрерменді өткеннен сабақ алып, болашаққа сенімімен қарауға шақырады.

Фильмнің режиссері Думан Еркінбек – қазақ киносына тың тыныс әкелген жас буын режиссердің бірі. Оның осы киносы – тек экрандағы драма емес, қоғамның ішкі жаңғыруына үндеу. Бұл туындының табысы – отандық киноның жаңа толқынының туғанын айғақтайды. Сондықтан біз оның шығармашылық жолы мен «Qaitadan» фильмінің идеясы, түсіру барысы және болашақ жоспарлары туралы сұхбаттасқан едік.

– Думан мырза, ең алдымен, сізді шығармашылық табысыңызбен құттықтаймыз! Ең әуелі әңгімемізді өзіңіз туралы және кино әлеміне қалай келгеніңіз жөнінде бастасаңыз.

– Рақмет! Мен Алматы облысы Жамбыл ауданы Үңгіртас ауылында дүниеге келдім. Өзіме кішкене күннен кино көрген ұнайтын. Бірақ ол кезде өзім кино түсірем деп ойламаппын. Кейін Абай атындағы ұлттық мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектепте білім алдым. Ал режиссерлік бойынша арнайы академиялық білімім жоқ, бірақ кино саласына деген қызығушылығым мені осы жолға алып келді. Студент кезімде түсірілім алаңында фотограф болып, сериалдардың монтажын жасап, сценарийін жазып, тәжірибе жинадым. Кейін «Қазақстан» және «Хабар» арналарында бірқатар телесериал мен қысқаметражды фильмнің монтажына, өндірісіне қатыстым. Сол жұмыстар мені толықметражды фильм түсіруге дайындады.

– Ал «Qaitadan» фильмін түсіруге не түрткі болды? Бұл идея қалай туды?

– 2020 жылы жұбайымның дипломдық жұмысын түсіруге байланысты Күрті ауылына барған едік. Сол жерде үлкен су қоймасының дамбасын көріп: «Егер мына дамба жарылып кетсе не болар еді?» деп ойладым. Сол сәтте мені таңғалдырған нәрсе – ауыл тұрғындарының қауесетке қарамастан көшпей, бейқам отыра беруі. Осы көрініс ішімде үлкен ой тудырды. Сол сәттен бастап «осындай жағдайда адамдар не істер еді, олар өз өмірін, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікті қалай түсінеді?» деген сұрақтар мазалады. Осы ой кейін сценарийге айналды. Бірнеше жыл бойы пісіп-жетіліп, ақыры көркем фильмге ұласты.

– Ендеше фильм атауы туралы не айтасыз? «Qaitadan» деп қойылуының астарында қандай мағына жатыр?

– «Qaitadan» – жай ғана сөз емес, тұтас идея. Біздің қоғам кейде бір қателікті қайталай береді. Бұл – тек тұрмыстық деңгейдегі емес, қоғамдық, моральдық, тіпті рухани қателіктер. Сол қайталанған қателіктер ақыры апаттарға, өкініштерге алып келеді. Фильм арқылы мен «егер бізге уақыт қайта берілсе, осы күнге дейінгі жасаған сол қателіктерімізді түзете алар ма едік?» деген ой тастағым келді. Бұл – тек апат туралы емес, ішкі өсу, адам мен қоғамның жетілуі, өткеннен сабақ алу туралы туынды.

– Сонда көрерменге жеткізгіңіз келген негізгі ой осы ма?

– Әрине, фильмнің өзегі – өсу мен өзгеріс. Бұл – тек басты кейіпкердің емес, бүкіл қоғамның жетілуі жайындағы әңгіме. Біз кейде өмірімізде бір орында тұрып қалғандай боламыз. Ал алға жылжу үшін ең алдымен өзімізбен күресіп, ішкі әлсіздігімізді жеңуіміз керек. Сонымен қатар фильмде отбасы институты, бауырмалдық, бірлік сияқты ұлттық құндылықтар көрініс табады. Әрбір көрініс көрерменді ойлануға итермелейді: қауіпсіздік, жауапкершілік, бір-бірімізге деген қамқорлықтың мәнін түсінуге шақырады.

– Сценарий жазу мен түсіру процесінде қандай қиындықтар кездесті?

– Әрине, қиындықсыз шығармашылық болмайды. Сценарий жазу кезінде логика мен байланысқа ерекше мән бердім. Фильм апатты жағдайға құрылғандықтан, техникалық жағынан күрделі болды. Дамбаның жарылу сәтін түсіру үшін арнайы макет жасалды, ол табиғи түрде жарылып, су әсерін шынайы көрсету үшін бірнеше дубль қажет еді. Оның үстіне бізде үлкен бюджет болмады, бірақ соған қарамастан команда жанын салып жұмыс істеді. Түсіру тобының ынтымағы, өз ісіне адалдығы мен шығармашылық рухы – осы фильмнің басты жетістігі.

– Ал оны түсіру үшін мемлекеттік қолдауға қол жеткізу процесі қалай өтті?

– Шынын айтсам, бұл – менің алғашқы үлкен жобам. Сондықтан бәрі біз үшін тәжірибе еді. Алғашқыда жеке демеушілер іздеп көрдік, бірақ нәтиже болмады. Кейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы ұйымдастырған грант байқауына қатыстық. Алайда қаржыландыру көлемі бастапқы жоспарымыздан аздау болды. Бірақ мүмкіндік берілсе, соның өзін тиімді пайдалану керек деп шештік. Сол шешімнің арқасында бұл жоба жүзеге асты. Қазір нәтижесін бәрін ақтап отыр: фильм мемлекеттен алған қаражатты бес есе артығымен қайтарды.

– Фильмнің халық арасында қабылдануы сіз күткендей болды ма?

– Шынымды айтсам, біз бұлай үлкен қызығушылық туады деп ойлаған жоқпыз. Алайда халық фильмді ерекше ықыласпен қабылдады. Көрермендердің пікірі өте жылы болды. Әлеуметтік желілерде, кинотеатрларда көргендердің көбі шынайы сезіммен пікір жазды. Бұл – біз үшін ең үлкен марапат.

– Киноны шетелдік аудиторияға ұсыну жоспарыңыз бар ма?

– Иә, қазір Өзбекстан, Түркия, Қырғызстан секілді көрші елдермен прокат келісімі бойынша жұмыс жүріп жатыр. Сондай-ақ халықаралық кинофестивальдерге қатысу жоспарда бар.

– Шығармашылығыңызда кімдерден үйренесіз? Бос уақытыңызда қандай кітаптар немесе фильмдер көресіз?

– Мен көбіне теориялық білімді кітаптардан алдым. Мысалы, «Джозеф Кэмпбелл – «Мың бейнелі кейіпкер», Уильям Индик – «Сценаристке арналған психология», Блэйк Снайдер – «Марғауды құтқару» атты еңбектері көп көмектесті. Бірақ мен үшін ең үлкен ұстаз – тәжірибе мен киноның өзі. Әлемдік фильмдерді көру арқылы мен режиссураның тілін үйрендім. Кітаптан алған білімді тәжірибемен ұштастыруға тырысамын.


– Қазіргі қазақ киносы туралы пікіріңіз...

– Қазақ киносы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді. Жас режиссерлер жаңа тақырыптарға барудан қорықпайды, көрерменнің талғамы да өсіп жатыр. Әрине, шешілмеген мәселелер бар: сценарий сапасы, дайындық кезеңінің қысқалығы, кадр тапшылығы. Бірақ ең маңыздысы – бағыт дұрыс деп ойлаймын әрі бұл саладағы ізденісімізді жалғастыра береміз.

– Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

– Қазір жаңа сценарий бойынша жұмыс істеп жатырмын. Ол да әлеуметтік-психологиялық драма болмақ. Қазақ қоғамындағы құндылықтар мен қазіргі жастардың рухани ізденісін көрсеткім келеді. Сонымен бірге «Qaitadan» фильмін шетелдік фестивальдерге ұсынып, халықаралық аудиторияға таныстыру жоспарда бар.

Сұхбаттасқан Шапағат ӘБДІР



№123 (4867) 18/10/2025 Сенбі

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде жаңарған Салық кодексі күшіне енеді. Астанадағы Hilton Garden Inn қонақ үйінің мәжіліс залында өткен елордалық бизнес өкілдерімен кездесу барысында қала кәсіпкерлеріне жаңа кодекске енгізілген негізгі өзгерістер түсіндірілді.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІН ТҮСІНДІРДІ

ҚР Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмірин жаңа құжатта салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге басты назар аударылатынын атап өтті.

– Салықтар мен алымдар санын 20%-ға дейін азайту, салық есептілігінің көлемін 30%-ға дейін қысқарту, салық енгізулерін оңтайландыру, ставкаларды саралау, инвестиция белсенділігін ынталандыру тапсырылды. Салық енгізулерін оңтайландыру нормасы бойынша 128 позиция ұсынылды. Реформа бағытының бірі сәнді заттарға салынатын салықты арттыру болады. Әлеуметтік сала үшін ставканы кезең-кезеңмен 2026 жылы 5%-дан 2027 жылы 10%-ға дейін ұлғайту көзделген, – деді Ұлттық экономика вице-министрі.

ҚР Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың айтуынша, салық есептілігі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ол жаңа кодексте есептілікті ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктің күшін жою көзделгенін, бұған дейін жыл сайын осы бап бойынша 23 мыңға жуық салық төлеуші тартылғанын жеткізді.

– Тіркелген кәсіпкерлер көп жағдайда декларацияны жіберуді ұмытып кетеді. Енді егер есеп берілмесе, ол нөлге тең болады және қажет болған жағдайда салық төлеуші түзету үшін қосымша декларация тапсыра алады. Қосылған құн салығын қайтару жеңілдеді, ал қайтару мерзімі 55 жұмыс күнін құрайды. Біз шағын бизнес үшін әкімшілік жүктемені төмендету маңызды екенін түсінеміз, сондықтан ҚҚС бойынша 15%-ға дейін асып кеткен жағдайда санкциялар қолданылмайды, – деді Ержан Біржанов.

Астана – бүгінде елдегі ең ірі экономикалық орталықтың бірі. Мұнда жалпы өңірлік өнімнің 72%-дан астамы шағын және орта бизнес есебінен қалыптасады. Елордада жарты миллионнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз ететін 270 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді.

Юлия ТЕН

ҒАСЫРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ТАҒЫЛЫМЫ

Елордада №1 көпбейінді қалалық аурухананың 100 жылдығына орай «Медицинаның өзекті мәселелері – дәстүр мен инновация» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырған іс-шараға медицина қоғамдастығының 350-ге жуық өкілі қатысты.

– Маған бұл аурухананың бүкіл жұмысы етене таныс. Мен мұнда қызмет ететін барлық медицина қызметкерін білемін. Мұндай ауыр жүктемені кез келген ұжым абыроймен атқара бермеуі мүмкін. Кейде бір уақытта 40 жедел жәрдем көлігі ауыр халдегі науқастарды жеткізіп жатқанда, медицина қызметкерлері солардың бәріне көмек көрсетіп үлгеріп жатады. Бұл ғасыр жасаған ауруханың бай тәжірибесін көрсетеді, ұжым арасындағы берік бірлікті аңғартады. Сондықтан аты айтып тұрғандай, №1 қалалық аурухана бірінші болып қала береді деп ойлаймын. Биыл 100 жылдығын атап өтіп отырған аурухана келесі 100 жылда елімізге ғана емес, шетелде де танымал болады деген сенімдемін, – деді осы аурухананың бұрынғы директоры, медицина ғылымдарының кандидаты, Президенттің кеңесшісі Алексей Цой.

Келесі сөз кезегін алған ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Мұратов медицина мекемесінің тарихы мен бүгінгі тынысына тоқталды.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан №1 көпбейінді қалалық аурухананың 100 жылдығымен құттықтады.

– 100 жыл бұрын Ақмоланың алғашқы стационары ретінде құрылған, 40 төсек-орынға шақталған аурухана, шын мәнінде, сан тарау тарихи жолдан өтті. 100 жыл дегеніміз – бұл бірнеше ұрпақтың жүріп өткен өмір жолы. Осы шағын стационар жыл сайын мыңдаған науқасқа жоғары технологиялық көмек көрсететін заманауи клиникаға айналды. Бүгінгі таңда №1 көпбейінді қалалық аурухана – қуатты заманауи кешен. Мұнда күрделі операциялар жасалып, цифрлық технологиялар енгізіліп отыр. Ал биыл кардиохирургия орталығының ашылуы өңірлік медицина үшін нағыз серпіліс болды. Орталық әлемдік үздік клиникалар деңгейінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Оның негізінде адамдардың тағдыры, адалдық пен күнделікті тынымсыз еңбек жатыр, – деген Ерік Мейірхан Астана қаласының әкімі атынан аурухана ұжымына зор алғысын білдірді.

Өз кезегінде №1 көпбейінді қалалық аурухана директоры Ербол Сәрсенбаев та Астана қаласы әкімдігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне, сондай-ақ мекеменің серіктестері мен әріптестеріне, аурухана ұжымына басым жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсеткені, сенім артқаны және еліміздің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға тұрақты үлес қосқаны үшін шынайы алғысын білдірді.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

«КОУЧТАРДЫҢ» КӨБЕЙГЕНІ ҚАУІПТІ МЕ?

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қоғамда өзін «имтренер», «психосоматолог», «жеке бренд маманы», «энергопрактик», «қаржы кеңесшісі», «сексолог» деп таныстыратын адамдардың көбеюі құбылысқа айналды. Оған қоса, «Ғарыш толқынымен байланыс», «Табыс кодын ашу», «Рухани жаңғыру», «Чакраны ашу», «Молшылық энергиясын шақыру», «Ажырасудан кейін жаңару», «Еріңді бағындырудың құпиясы», «Бақытты неке формуласы» секілді жарнамамен жұрттың сеніміне кіргендер қаншама. Әлеуметтік желіде күн сайын осындай курстар мен марафондардың жарнамасынан көз сүрінеді. Кімнің нақты маман екенін анықтау қиын. Дегенмен мұндай құбылыстың салдары қоғам үшін қауіпті екені ақиқат.



АҚЫЛЫ АЗ, АҚЫСЫ ҚЫМБАТ

Мамандардың айтуынша, жылтыраған уәдеге алданатындардың көбі – өмірде жолы болмай жүрген, күйзеліске түскен, жақынын жоғалтқан, отбасындағы қарым-қатынасы қиын жандар. Ал қаптап жүрген «коучтардың» көбінің ешқандай жоғары білімі жоқ, қысқа онлайн-курстарды оқып алғаннан кейін бірден «маман» болып шыға келеді.

– Мұндай құбылыстың себебі – адамдардың ішкі әлсіздігін пайдалану. Оның ең бірінші зардабы психикалық денсаулыққа қауіпті. Маған қаншама адам хабарласады сондай «жалған» мамандардың сағатына 50 мың бердім, 100 мың төледім деп. Кейде өзін «психотерапевтпін» деген мамандармен сөйлесіп қаламын. Парақшасы әдемі, өзін жарқыратып көрсетеді. Бірақ сөйлессең, ешқандай психологиялық, психотерапиялық білімі жоқ. «Мен Дубайда оқығанмын», «Қазақи психологияны бітірдім» дейді. Психология мамандығын сонша құнсыздандырып жібергеніне таңғаламын! Нағыз психолог немесе психотерапевт ғылыми әдіске сүйенеді, ал жалған мамандар эмоция мен жеке тәжірибесін ғана ұсынады. Нәтижесінде адам шынайы терапия орнына «энергия тазалау», «сананы ояту» сияқты дәлелсіз тәсілдерге сеніп, уақыт пен сенімін жоғалтады, – дейді белгілі елордалық психолог Лимана Құттыбекқызы.

Осыдан бір-екі күн бұрын Мәжіліс депутаты, Amanat партиясы фракциясының мүшесі Айдос Сарым Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның атына депутаттық сауал жолдады. Онда елімізде кеңінен таралып кеткен сан алуан эзотерика, псевдопсихология сияқты жалған ілімдер мен секталардың әсіре белсенділігіне қатты алаңдайтынын жеткізді.

– Өздеріне жалған диплом жасатып, атағы жер жаратын «академиялардың», әлемдік «ұйымдардың» атынан сөз сөйлеп жүрген бақсы-құшнаштың, тренер-коучтердің шараларының саны күн санап артып келеді. Қай бір сайтты, әлеуметтік желіні ашып қалсаң болды, әлемнің барша құпиясын меңгерген, адамның жан дүниесінің бүкіл кілтін беліне байлаған мамансымақтар көпшілікпен кездесу, курс, семинар өткізіп жатады. Өкініштісі, мұны жекелеген адамдардың өз таңдауы, жеке құқығы деп те айта алмаймыз. Рухани алаяқтар мемлекеттік мекемелерге, квазимемлекеттік сектордағы ұйымдарға дейін жетіп, мемлекеттік, қоғамдық проблемаға айналғанын байқап отырмыз, – дейді халық қалаулысы.

Нәтижесінде көптеген адам, әсіресе әйелдер мен жастар, қаржылай шығынға ұшырап, психологиялық тәуелділікке түсуде, ал кейбірі отбасылық және әлеуметтік күйзеліске тап болғанын мәлімдеді.

КУРСТАН КЕЙІН КӨҢІЛІ ҚАЛҒАНДАР КӨП

Коучтардың көпшілігі өз қызметін өте қымбат бағамен сатады. Курстардың орташа бағасы 5000-нан басталып, 350 мың теңгеге дейін барады. Осыған қатысу үшін «соңғы» ақшасын жұмсап, соңында нәтиже болмаған соң өзін кінәлайтындар көп. Қазіргі уақытта курстан нәтиже алмағандар өз қателігін ашық айта бастады.

– Былтыр белгілі блогердің «Өзін-өзі дамыту курсына» жазылдым. Бағасы 120 мың теңге болды. Тіркелгеннен кейін бір аптадан соң WhatsApp арқылы сілтеме келді. Барлығы жабық парақшада тұр екен. Алдын ала түсірілген дайын видеоларды көру ғана. Сұрақ қойсам, «кейін талқылаймыз» дейді. Бір ай өтті, ешқандай нәтиже жоқ. Ақшаны қайтару мүмкін емес деді. Өзімді алданғандай сезіндім, – дейді Жаннұр есімді бойжеткен.

Ал елордалық мұғалім Динара «Қылықты әйел» курсын кезінде сатып алғанын айтады.

– Өмірімде алған ең қымбат курсым болды. Бағасы – 90 мың теңге. Алғашында бәрі әсерлі көрінді, жарқыраған видеолар, «әйелдің энергиясын ашу», «еркекті бағындыру тәсілдері» дегендей. Бірақ іс жүзінде ешқандай жаңа ақпарат алған жоқпын. Басқа қатысушылар мақтап жатты. Риза болғандар да көп. Бірақ жеке өзімнің пікірім, бар болғаны – интернеттен табылатын дайын видеолар мен бос әңгіме. Уақытым мен кеткен ақшама өкінемін, – дейді ол.

Әлеуметтік желілерде дәл осындай шағымдар көбейіп келеді: дайын бейнесабақтар, «энергия көтеру» сессиялары, «кармамен жұмыс» сияқты түсініксіз тренингтер. Педагогика ғылымдарының кандидаты Айжан Ермағанбетқызы бұл құбылысты қоғамдағы ақпараттық сауаттың төмендігімен байланыстырады.

– Қазір адамдардың көбі эмоцияға тез беріледі. «Тез өзгертемін» деген сөздің артында көбіне психологиялық манипуляция жатады. Адам уәде еткен нәтижеге жетпесе, өзін кінәлі сезінеді. «Мен дұрыс орындамадым, менің энергиям төмен екен» деп ойлап, қайта ақша төлеп, жаңа курс алады. Бұл – тәуелділіктің белгісі. Мұндай «псевдомамандар» нақты психикалық күйі тұрақсыз адамдарға зиян тигізуі әбден мүмкін. Себебі олардың қолданатын әдістері ғылыми негізге сүйенбейді. Ал шынайы терапия тек кәсіби психологтар мен психотерапевтер тарапынан жасалуы тиіс, – дейді сарапшы.

ДӘЛ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА КОУЧТЫҢ ҚЫЗМЕТІН АНЫҚТАЙТЫН, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ НЕМЕСЕ СЕРТИФИКАТ ТАЛАП ЕТЕТІН НАҚТЫ ЕРЕЖЕ ЖОҚ. «КОУЧИНГ ҚЫЗМЕТІ» БОЙЫНША СТАНДАРТТАР, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖЕДЕЛ ТҮРДЕ ЕНГІЗІЛУІ ТИІС. «ЖЫЛДАМ ТАБЫС ТАБАСЫҢ», «ӨМІРІҢДІ ТЕЗ ӨЗГЕРТЕДІ» ДЕГЕН ҚҰРҒАҚ УӘДЕЛЕРГЕ ШЕКТЕУ ҚОЮ ҚАЖЕТ

БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Құқық саласының мамандары да бұл тақырыпқа алаңдайды. «Тұтынушы құқығын қорғау заңы» бойынша жалған уәде мен жалған жарнама берушілер жауапкершілікке тартылады. Бірақ жеке онлайн-кеңес беру саласында нақты тетік жоқ.

«Коучинг пен психологиялық қызметті лицензиялау жүйесін енгізу – уақыт талабы. Сонымен қатар халықтың ақпараттық мәдениетін арттыру қажет. Адамдар «коуч» сөзі бар кез келген парақшаға сеніп кетпеуі керек. Егер маманның білімі мен лицензиясы болмаса, оның кеңесі жай пікір ғана. Білім мен жауапкершілік қатар жүрген жерде ғана нәтиже болады» дейді заңгер Ербол Тұяқов.

Оның пікірінше, мұндай қызметтердің дамыған елдерде нақты стандарты бар. Мәселен, Ұлыбритания мен Канадада бұл сала Этика кодексімен реттеледі. Ал бізде мұндай жүйе жоқ. Кім көрінген қысқа онлайн-курс бітіріп, өзін «психолог» немесе «энергетикалық терапевт» деп таныстыра алады. Оның білімі, дипломы, тәжірибесі ешкімді қызықтырмайды.

Айта кеткен жөн, депутаттар тарапынан коучтар мен бизнес тренерлерді сертификаттау мәселесі бұған дейін де қозғалды. Дәл қазіргі уақытта коучтың қызметін анықтайтын, лицензиялау немесе сертификат талап ететін нақты ереже жоқ. «Коучинг қызметі» бойынша стандарттар, лицензиялау жүйесі жедел түрде енгізілуі тиіс. «Жылдам табыс табасын», «Өміріңді тез өзгертеді» деген құрғақ уәделерге шектеу қою қажет. Егер азаматтар алданса, мемлекеттік органдар тұтынушы құқығын қорғау тұрғысынан назар аударуы қажет. Әйтпесе халықтың сеніміне селкеу түсіретіндердің қатары көбеймесе, азаймайды.

№123 (4867) 18/10/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

БАС ҚАЛАДА БАС ҚОСТЫ

2011 жылы мамырдың 25-27-сі аралығында ел астанасында Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы өтті. Әлемнің 35 елінен 365 делегат қатысқан құрылтай жөніндегі хабар басылымда жарияланған.





2011-2012 ЖЖ.

КҮЛДІРЕМІЗ ДЕП БҮЛДІРМЕЙІК...

«Жақында еліміздің кинотеатрларында «Трубадур» деген комедия көрсетіле бастады. Кинотеатрлардың бірі қалыспай, жарыса жариялап жатқан «отандық өнімді» демалыс күндері біз де тамашалай бардық. «Кино көріп, демаламын» деп кірген залдан зығырданымыз қайнап шықтық. Неге дейсіз ғой? Жібі түзу кино ма десек, әлгіміз қазақты топас еткен фильмдер санатынан екен. «Комедия келемеж емес қой» деген тақырыптағы мақалада журналист Айнұр Шошаева қазақ киносының ахуалын бір ғана туынды мысалында жазған. Кино ә дегеннен-ақ қазақты жабайы, түк көрмеген етіп жарнамалаудан басталған. Басты кейіпкердің үстіне киген киімі мен дуда-дуда шашын да толық жаппайтын киізден жасалған мұндай оюлы тақияны қазақтың кигенін көрмеппіз. Бүгіндері де қазақ киносы мұндай арзан комедиядан арыла алар емес.

11 қаңтар

АЛАШ АРЫСЫ МӘЙІТІНІҢ КҮЛІ ӘКЕЛІНДІ

Алаштың біртуар азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың мәйітінің күлі елордаға жеткізілген еді.

«Бұл – ел азаматтары атқарған еңбектің әділ бағасы. Оның сүйегі христиан қорымында жатты. Бұл біздің ғұрпымызға қайшы. Сондықтан біз Смағұл Сәдуақасовтың сүйегінің күлін өзі аңсаған Қазақстанның елордасына жеткізіп отырмыз» деген өз сөзінде бастамашыл топ өкілі, профессор Дихан Қамзабекұлы.

22 қаңтар

ҚАДЫР АҚЫН НЕ АЙТТЫ?

Бүгінгі қазақ журналистикасына қатысты сын баршылық, тілшілердің кәсіби деңгейі мен этикасына байланысты да түрлі пікір айтылып жатады. Мұндай пікірлер де орынды-ақ. Себебі бүгінгі журналистика жанр талғамай кеткені анық. Көркем-публицистикалық очерк, фельетон не памфлеттер жоқтың қасы. Мұны жазатын алдыңғы аға буын қарасы да сиреп бара жатқаны өкінішті. Жас тілшілер құдды дәстүрлі сабақтастықтан қол үзіп бара жатқандай. Осы мәселені журналист Раушан Төленқызы ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлимен сұхбат барысында өрбітеді. «Жақсы сөздің бәрі найзағай сияқты. Жарқ ете түседі» делінген сұхбатта жанр ерекшелігі, оның ішінде интервьюдің айрықша екені айтылады.

3 наурыз

ЕҢСЕЛІ ЕЛ ЕКЕНБІЗ

2011 жылдың 30 қаңтары еліміздің спорт тарихындағы айтулы күнге айналды. Дәл осы күні Қазақ елі тағатсыздана күткен VII қысқы Азия ойындары елордадағы «Астана Арена» стадионында салтанатты түрде ашылды. 30 мың көрермен еркін сыятын заманауи кешенге жиылған дүйім жұрт нағыз шоудың куәсі болды. Дәл осы оқиғадан газет бетіне журналист Ғалым Қожабековтің сол кездегі Туризм және спорт министрінің кеңесшісі, Олимпиада ойындарының, әлем және Еуропа чемпионы Жақсылық Үшкемпіровпен сұхбаты жарияланды. «Еңселі ел екенбіз» деген сұхбатта Азиада алауын жаққандардың бірі Жақсылық Үшкемпіров елімізде спортқа қатысты мұндай оқиға бұрын болмағанын атады. «Ғажап қой, ғажап! Ашылу салтанатында Қазақ елінің бүкіл тарихи шежіресі көз алдымыздан өтті ғой. Сан түрлі қойылымдар арқылы сонау Күлтегіннің дәуірінен бергінің бәрі көрсетілді. Түсінген адамға бұл дегеніңіз нағыз ұлттық тәрбие, ұлттық мақтаныш, керек десеңіз, айбын, абырой!» дейді әлем чемпионы. VII қысқы Азия ойындарының қорытындысында Қазақстан 32 алтын, 21 күміс, 17 қола – барлығы 70 медальді жеңіп алды.

3 ақпан

ҚЫРАНДАРЫМЫЗ ҚИЯҒА ҚОНДЫ

VII қысқы Азия ойындары – Қазақстан спортын жаңа кешендері көзайым болғаны айтылған. Азиаданың қарсаңында Астанада «Алау» жаңа мұзайдын сарайы, Алматыда шаңғымен тұғырдан секіру, шаңғы жарысын өткізу үшін шаңғы-биатлон стадионы салынды. Қазақстан қысқы Азиадада 32 алтын медаль иеленді және жалпыкомандалық есепте айқын басымдықпен бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды – Жапония, үшінші орынды – Оңтүстік Корея, төртінші орынды Қытай иеленді.

8 ақпан

АСТАНА ҚҰШАҒЫН АШТЫ


2011 жылы мамырдың 25-27-сі аралығында ел астанасында Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы өтті. Әлемнің 35 елінен 365 делегат қатысқан құрылтай жөніндегі хабар басылымда жарияланған. «Атамекен» атты арнайы қосымшада айтулы оқиғаға қатысты ақпарат беріліп отырды. Құрылтай барысында шет мемлекеттерден келген қазақтар мұң-мұқтажын биік мінберден айта алды. Шетелдегі қандастарымыз жазу бірлігінің жоғын, өзара рухани байланыстың аздығын, шетелдерде қазақ тілінде білім беретін мектептердің жоғын сөз етті.

26 мамыр

ЖАН АУЫРТАР ЖАРНАМАЛАР

Астананың қай көшесімен жүрсеңіз де, елорданың дизайн-кодына сәйкес келмейтін және заңсыз ілінген жарнамалардан бұрын көз сүрінетін. Әсем шаһардың көркін бұзатын және көшелерде ілуге рұқсат етілмеген, стандартқа қайшы осындай жарнамалардың бірқатарын мысалымен қоса журналист Гүлмира Аймағанбет «Жан ауыртар жарнамалар» атты мақаласына арқау еткен. Елордада елдік белеске көтерген оқиғаның бірі қабылданған құрылтай жөніндегі хабар басылымда жарияланған. «Атамекен» атты арнайы қосымшада айтулы оқиғаға қатысты ақпарат беріліп отырды. Құрылтай барысында шет мемлекеттерден келген қазақтар мұң-мұқтажын биік мінберден айта алды. құндылықтарды құнттамай, қазақ тілін қылжаққа айналдырған «жарымжан» жарнама иелері өз кәсіптерін ұялмастан жалғастырып келетін. ҚР «Тіл туралы» заңын және «Жарнама туралы», «Зат жапсырмалары туралы» заңнамаларды белден басып қана қоймай, айтылған сын-ескертпеңе пысқырып та қарамайтын «көрмес қожайындар» болатын еді. «Республика мен Бөгенбай батыр даңғылдарының қиылысында үлкен көк түсті баннер алыстан көрінеді. Бір әттеген-айы, мәтіні «Қазақстан тәуелсіздігіне жыл» делінген. Қанша жыл екенін өзің білесің. Бір байқағанымыз, қалада қалай болса солай қойылған атаулар да көбейіп кеткен. «Жұмыс уақыты», «дәмхан», «алон» секілді сиқы қашқан жазулар Жеңіс даңғылында да бар» делінген мақалада.

22 қазан



ОҚУШЫЛАР ОРДАСЫ

Елорданың Б.Момышұлы даңғылындағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы балаларға өз есігін айқара ашқаны жайындағы хабар басылымда жарық көрген. Қуанышты хабар жеткізген журналист Гүлжан Рахман бұл ғимаратта 60-тан астам үйірме жұмыс істейтінін жазған. Қазірде төрт қабатты Оқушылар сарайында 100-ден аса үйірме мен секция бар. Қосымша білім берумен 15 мыңнан аса баланы қамтып отыр. Робототехника, 3D-модельдеу, шет тілдерін үйрену, актерлік шеберлік, шешендік өнер және әртүрлі спорт түрлерінен үйірмелер бар. Сондай-ақ зертханалар, оқу кабинеттері, планетарий, обсерватория, балалар театры, жеңіл атлетика, баскетбол залдары, күрес және тенниспен айналысуға арналған залдармен де сарай толыққан.

10 желтоқсан

ИМАНБАЕВ ПА, ИМАНБАЕВА МА?

«Көрмейін десем, көзім бар» атты айдарда журналист Гүлмира Аймағанбет елордадағы көше атауларынан кеткен қателіктер туралы жазған. Мақалада қазақтың ақын қызы Шолпан Иманбаеваға берілген көше атауын өзіміздің қазақтар жиі шатастырады, Иманбаева орысшасы шығар деп, қазақша Иманбаев көшесі деп айтып жүр делінген. Сол көшенің бойында орын тепкен ірілі-ұсақты кейбір мекемелер ресми түрде мекенжайында көшенің атауын Ш.Иманбаев көшесі деп көрсетіп, ақын қыздың тегін өзгертіп айтуды әдетке айналдырған кездер де болған. Әйтсе де «Следующая остановка Молдагулова», «Иманова дайындалыңыз», «Кюши Динаға барады ма?» не «Келесі Бараевадан түсесіз» дегенді жолаушылардан естіп қалып жатамыз.

21 қаңтар

АҚСАҚАЛ – ХАЛЫҚТЫҢ АР-ҰЯТЫ

Кейбіреулер жасы егде тартса да арақ-шарап ішіп, түрлі ұятты қылықтарға барып, кейінгілерге теріс үлгі көрсетіп жатады. Енді бір ағалардың тірлігі қара басынан артылмайды. Осы турасында академик Төрегелді Шарманов журналист Раушан Төленқызымен сұхбат барысында өрбітеді. Қазіргі қоғамда ақсақал деген атқа кімдер лайық екені, алдыңғы аға буынның кейінгі ұрпаққа жөнді жол көрсетуі – даулы сұрақ. Осы мәселе жайында академик былай дейді: «Жасы үлкеннің кемдігі – ақсақалдық, үлкендік көрсете білмеуде. Бүгінгінің қарты жасы келгендікті қалай түсініп жүр? Меніңше, көпшілігі кеңшілік пен көрегендікті тани алмай, жаспен жағаласып, жас болуға тайталасқанды жөн деп ұғады. Орныңды білмесең, ондай әрекетпен жас болмайсың.

20 наурыз

ЕҢСЕЛІ МЕШІТ ЕСІГІН АШТЫ

Астана қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешіті көптеген іргелі іс-шараға мұрындық болып, көпшіліктің ықыласына бөленіп келе жатқаны мәлім. Аталмыш мешіт 6 маусым күні ресми түрде ашылды. Жалпы сыйымдылығы – 12 мың адам. Жоба авторлары – Қазақстанның құрметті сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сағындық Жанболатов, Есенғали Ахметов. Мешітте қазақтың бай ою-өрнегі көптеп кездеседі. «Әзірет Сұлтан» мешітінің құрылысы 2009 жылы маусым айында басталған. Құрылыс аумағы 18 мың шаршы метрді құрайды. Ғибадат үйі үш қабаттан тұрады.

10 маусым

АЛЬБИОНДАҒЫ АЛАМАН

2012 жылы Лондонда өткен XXX жазғы Олимпиада ойындары Қазақстан үшін алдыңғы ойындарға қарағанда ең сәтті болды. Лондонда Қазақстан 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль алып, медаль саны бойынша жалпы есепте 204 ел арасында 12-орынға жайғасты. Тұманды Альбиондағы аламанның соңғы күнінде спортшыларымыздың өнерін «Керуен» сауда, ойын-сауық орталығында жүздеген адам бір экраннан тамашалағаны туралы хабарды журналист Олжас Сүлейменов жазған. Лондон Олимпиадасында боксшы Серік Сәпиев, велоспортшы Александр Винокуров, жеңіл атлет Ольга Рыпакова, ауыр атлеттер Илья Ильин, Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобедова алтын медаль иеленді. Бұл сында күміс жүлдеге боксшы Әділбек Ниязымбетов қана қол жеткізе алды. Қола медальді Ақжүрек Таңатаров (еркін күрес), Гузель Манюрова (еркін күрес), Даниял Гаджиев (грек-рим күресі), Марина Вольнова (бокс), Иван Дычко (бокс) иемденді. Допинг дауы Қазақстан құрамасының Лондон Олимпиадасындағы нәтижесіне де салқынын тигізді. Кейін Халықаралық Олимпиада комитеті бірқатар спортшының нәтижелерін жойып, ел құрамасы Лондондағы 4 алтынынан 4 жылдан кейін айырылып қалды.


14 тамыз

ҚОРҒАЛЖЫН ҚОРЫҒЫ – ЮНЕСКО ТІЗІМІНДЕ

Қорғалжын қорығы – ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміндегі нысан. Ол 2008 жылы бірегей табиғи ескерткіш ретінде тізімге енгізілді. Қорық 1968 жылы осы аймақтың бай флорасы мен фаунасын сақтау мақсатында құрылды. Қорық ЮНЕСКО мойындаған Қазақстандағы алғашқы биосфералық резерват деп танылды. Бұл туралы газет бетіне журналист Раушан Төленқызы жазып, қыркүйектің 13-14 күндері Астанада өткен ТҮРКСОЙ-ға мүше мемлекеттердің ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиялары мен комитеттерінің III кеңесі барысында мәлімделгенін мақаласына арқау кеткен. Бас қаладан 130 шақырым жерде, оңтүстік-батыс тұста орналасқан қорықты қоқиқаз, бірқазан және өзге де сирек те бағалы құстар мекен етіп келеді.

15 қыркүйек

№123 (4867) 18/10/2025 Сенбі



КӨК ПЕН ҚЫЗЫЛ

– Бүгінгі күнге риза болу керек қой, – деді Ерекең.

– Иә... содан?

– Мысалы, менің әкем не көрді? Ештеңе... Шүкір, қазір барам десең – қалаған еліңе барасың, қалаған тамағыңды жейсің, не істегің келсе – соны істейсің (екеуміздің әңгімеміз).

Астанадағы Орталық мұражайда көптен күткен жаңалық – Ерболат Төлепбайдың көрмесі ашылғалы біраз болды. Ерболат ерте танылды. Оның алғашқы суреттері елді елең еткізген. Қасқасудан шыққан қара торы жігіт – бүгінде әлем танып, өнер мамандары мойындаған суреткер.

Полотнода екі жас. Бірі – көк түсті, бірі – қызыл түсті іш киімде. Оң жақта тізерлеп отырған ару. Жартылай жалаңаш. Кеудесінен төмен жағы жабық. Сол жақта – зауыт па, фабрика ма, әйтеуір өндіріс орны. Етегінде – өзеннің арнасы ма, көл ме – нусыз, қусыз, көңілсіз бірдеңе. Ерболат бұл суретті салғанда жас болатын. Ол да мынау суреттегі жастың біріндей алға ұмтылған. Көк іш киім киген көкбөрінің назары алға қарап қалыпты. Көк аспанның астында екі жігіт жүгіріп келеді. Екі дос, жолдас, замандас. Төңірек түгел тып-типыл. Бірде-бір гүл, гүлзар, ағаш көзге түспейді, тіпті шөп те шықпаған. «Жүрген жеріне шөп шықпайтын сұмырай» деген сөз еріксіз ауызға түседі. Неткен жаман сөз еді! Әлде пессимизм бе? Абстракционизм бе?

Ерболат бұл шығармасын жазғанда мынау дүние «Өтірік» болатын. «Партия – халықтың ақыл-ойы, ар-ожданы» деген өтірік ұран, жалған жар салу кезеңі-тін. Дей тұрғанмен суретке қарап екі жастың өткені жайлы, өмірі туралы толғанасың. Сонау көне заманда жер бетінде Адам ата мен Хауа анадан соң ұрпақтар болғаны, ең алғашқы бауырлардың – Қабыл мен Абылдың дос-жолдас болғаны ойға түседі. Ал анау монтиып отырған Ақлима емес пе? Иә. Көк аспанның астындағы екеу алдыңғы планда. Оң жақтағы арудың жанары төмен түскен. Әлсіз әйел. «Қай жеңгені қолымнан жетелеп кетер» дегендей. Кеудесі, қолы, иығы жалаңаш. Әлде ұялған, қысылған, қымсынған, болмаса барын да, нарын да, нәрін де көрсетпеуге тырысқан қалыпта. Бейкүнә дейсің бе, күнәсіз бойжеткен дейсің бе – белгісіз. Ал екінші жігіт қызыл түсті киім киген. Арғы жақта – қызыл зауыт, қызыл кісі, жалаңаш. Суретші Ерболаттың бұл туындысы әлі күнге өз бағасын алмаған. Оның философиясын әлі ешкім толық таба алмай жүр. Бұл сурет – көк пен қызыл тартысы. Өткен күн мен келешектің, ескі мен жаңаның, Қабыл мен Абылдың тіресі дерсің. Көк Тәңірі былай тұрсын, көкбөрінің аты аталмайтын кезең еді. Себебі мынау әлемде Кеңес елі деген планетада коммунистік қызыл дүние болу керек-тін. Тіпті іш киім де қызыл болса қандай жақсы! Қызыл армия, Қызыл алаң, Қызыл ту, қызыл қан. Бүкіл ақын-жыршының Қызылды жырлаған кезеңі.

«Советтің туған Қызыл армиясы,

Көріне көміп жауды өзі қазған...» деп Сәбит Мұқанов жырлаған жұлдызды сәт. Идеологияның шарықтау шегі. Бұл – жастардың ноқтаға басы сыймаған, сидырмаудан қашқан шағы-тын. Әрине, бәрі емес. Бұл – Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я»-сы аспаннан түскен, Мақатаевтың партиядан шыққан кезі, Шәмшінің үйсіз-күйсіз Алматыдан оңтүстікке ауған шағы, Набоков пен Бродскийдің, Тарковский мен Нуриевтің шетелге кеткен кезі, Высоцкийдің шыңғырған шағы. Дауылдың алдындағы тыныштық сәті болатын. Жігері бойға сыймаған жас таланттардың Қасқасудың ағысқа қарсы жүзген қара балығындай қоғамға қарсы ой түрген кезі. Иә, мынау сол көрініс. Сол сурет. Махамбет айтқандай: «Мен бір шарға ұстаған балта едім...» кез-тін.

Британия академиясының мүшесі, жазушы, өнертанушы Кеннет Кларк – бейнелеу өнерін бағалаушы ұлы тұлға. Оның әр хабары су түбінен терген маржан секілді. Өздеріңіз білетін әйгілі «Цивилизация» хабарының авторы. Оның кітаптарынан түйгенім – суретті көзбен көріп, жүрекпен ұғу керек. Иә, жүрекпен. Француз жазушысы, эссеист Марсель Пруст: «Суретші болашақты болжайтын, бағдарлайтын, бағамдайтын, сезетін, секем алатын сегізаяқтың түктеріне ұқсас түйсікке ие» депті. Ерболаттың бұл суретіне ұз-а-а-а-ақ қарау керек. Оның бояуы бір сәт найзағайдай жарқ етіп, көзіңді қариды. Қып-қызыл түске қарау оңай емес. Күнге ұзақ қараған жанның жанары жасиды. Көпке дейін көре алмайсың. Қызыл бояу дәл солай. Ерболат суретшінің суреткерге ұласқан шағында бояу солай сөйлейді – көзіңді қариды, жанарыңды жасқайды. Дей тұрғанмен бұл суретте көк түс көп. Олардың атын да, атауын да білу мүмкін емес. Ол түстер көңілдің ояуы мен суретшінің бояуында. Оған тілім де, білім де жетер емес. Көк түс, аспан көк, көгілдір, қара көк, боз көк, шым көк, мұз көк, суық көк, тағы-тағы Ерболаттың көк түсінде сан жоқ, тек сана бар, түйсік қана... Бәсе-бәсе, сонау ата-бабамыз алыстағы аспанды Көк Тәңір деп атауы бекер емес екен-ау. Өкінішке қарай, бізде сурет салу былай тұрсын, салған суретті түйсігімен ұғатын, түсінетін тұлғалар қалмады-ау. Суретті суретші қолындағы бояумен емес, жүрегі ояу кезеңде салар. Мастерской – қазақша шеберхана. «Ұлытауға бардың ба? Ұлар етін жедің бе?» деген биіктік жайлы тәмсіл бар. Суретшіні білгің келсе, сол шеберханаға бармай, қоңыр кеседен шай ішпесең, мың сан бояу мен мольбертке қарап эскиздердің ортасына отырмасаң, әртүрлі бюсттің ішінде басың қатпаса, күл салғыш – консервінің қалбырын көрмесең – суретшіні білмегенің. Суретшіні білу үшін суретші боп туу керек, болмаса сәл қуу керек.

Төлепбайдың төлі Италияда, болмаса Парижде туған жоқ. Төлепбайдың Ерболаты тауға қарап тамсанып, көшкен бұлтқа қызығып өсті. Бір қызығы, Қасқасудан 18 кәсіби суретші шыққан деседі.

...Сол жақ төмендегі жалаңаш тұрған кім? Бойында лыпасы жоқ қызыл адам кім болады? Теріс қарап, мөлиіп тұр. Алдындағы үйшікке қарай ма? Неге киімсіз? Ескексіз қайықтың қасында тұрған есі ауысқан еркек. Абстракция. Сол қолымен әбиірін жаба ма, әлде керісінше ме? Тастан басқа, тұл жетім жағада ешкіден басқа ештеңе көзге түспейді. Тіпті суретшінің сүйікті жылқысы да көрінбейді. Шамасы, мольберттің сыртына шауып кетті ме. Әлде «ат жақсысы кермеде, ер жақсысы түрмеде» ме? Қызыл түсті іш киім киген бозбала көзін көлегейлеп, бетін жапқан. Аспанда күн көрінбейді. Көзге түсер сәуле жоқ. Онда неге ол жігіт бетін жабады? Қабыл ма дейсің амалсыз. Абылын құртқан адамның іштен шыққан жалыны, ары, ұяты оның жүзін өртеген бе, әлде қалай? Көк пен қызыл. Қызыл киген мына жігіт өкіне ме, өмірінің өтірікпен өткеніне қинала ма – белгісіз. Аспан да көк, су да көк.

P.S. ***Ерболат Төлепбай – классикалық сурет өнеріндегі даңғылдан шығып, дара жол салған дарын иесі. Жо-жоқ, Василий Кандинский, Пит Мондриан, Казимир Малевичке де ұқсамайды. Исаның жолы бір басқа, Мұсаның жолы бір басқа. Ерболат Төлепбай – өз жолын, өз қолтаңбасын қалыптастырған қазақ суретшісі. Жо-жоқ, суреткері, тұлғасы!***

Талғат ТЕМЕНОВ,
кинорежиссер,
Қазақстанның халық әртісі

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫЛАР

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Күлтегін» атриумында Ертіс-Баян өңірінің Алаш ардақтыларына арналған «Ұлтын сүйген ұлылар» атты көрме және «Сәдуақас Шорманов» пен «Дауылпаз» кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті.



Шапағат ӘБДІР

– Биыл Ертіс-Баян топырағынан түлеп ұшқан екі ұлы тұлға – ағартушы, қоғам қайраткері Сәдуақас Шормановтың 175 жылдық, дауылпаз ақын Иса Байзақовтың 125 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Осыған байланысты Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің қолдауымен қос тұлғаға арналған екі кітап жарық көрді. Атап айтсақ, «Сәдуақас Шорманов» кітабына қоғам қайраткерінің Ресей архивтерінде сақталған «Басшы» қолжазбасы мен 1909 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Аушы» еңбегі енген. Кітаптың құрастырушысы – Марғұлан университетінің профессоры, филология ғылымының кандидаты Әділбек Әміренов. Ал «Дауылпаз» поэма-кітабы дауылпаз ақын Иса Байзақовтың тұлғалық бейнесі мен шығармашылық жолын айшықтайды. Туындының авторы – керекулік жас ақын Мизам Жұмәлі, – деді Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің басшысы Ербол Қайыров.

Сонымен қатар көрмеде қазақ руханиятының аса құнды мұралары көпшілік назарына ұсынылды. Олардың қатарында Абай Құнанбайұлының 1909 жылы жарық көрген тұңғыш жыр кітабының толық сақталған нұсқасы, Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» мен «Қырық мысал» жинақтары, Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» кітабы, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың таңдамалы шығармалар жинағы, «Темірқазық» және «Жас қазақ» журналдарының түпнұсқалары бар. Бұдан бөлек, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бойтұмары мен әкесінің көк Құраны, Жүсіпбек Аймауытовтың кілемі, Қаныш Сәтбаевтың жазу машинкасы, Иса Байзақовтың, Әлкей Марғұланның, Сәбит Дөнентаевтың, Мұзафар Әлімбаевтың жеке заттары көрсетілді.



ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ

Елордадағы «Астана – әлеуметтік технологиялар» қоғамдық бірлестігінде «Жүректен – жүрекке» қайырымдылық шарасы өтті. Іс-шараны Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ұйымдастырды.

Мерекелік концерт барысында шығармашылық үйірмелер өз туындыларын көрсетіп, ән мен би орындап, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Еңбек терапиясы үйірмесінің қызмет алушылары құрған «Сиқырлы қуыршақ» театры өз қолымен жасаған қуыршақтар арқылы «Бауырсақ» ертегісін сахналады. Ұлттық ойындар бағытында тоғызқұмалақ үйірмесінің жетекшісі Сәуле Баймағамбетова шеберлік сабағын өткізіп, қатысушыларға ұлттық ойынның ережелері мен тарихы туралы қызықты мағлұмат берді.

– Қайырымдылық шаралары адамдардың бір-біріне деген мейірімін, сыйластығын арттырады. Әсіресе ерекше жандардың шығармашылық қабілетін танып, оларды қолдау – қоғам дамуының маңызды көрсеткіші. Осы акцияның негізгі мақсаты да сол, Халықаралық мүгедектер күніне орай ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолдау көрсету, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және қайырымдылық мәдениетін дамыту, – деді ол.

Іс-шара соңында Сәуле Қаржасқызы қатысушыларға тоғызқұмалақ тақтасын сыйға тартты.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж –5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 123

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ